

Қазақ тілі 9-сынып БЖБ №1

**«Мәңгілік Ел – мұратым» бөлімі бойынша
жиынтық бағалау
І нұсқа**

Оқу мақсаты:	9.1.2.1 Қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық, ғылыми тақырыптарға байланысты әртүрлі жанрдағы кең көлемді мәтіндердегі (жолдау) мақсатты аудитория мен көркемдегіш құралдардың рөлін талдау.
Бағалау критерийі:	<i>Білім алушы</i> Әр түрлі жанрдағы көлемді мәтіндердің (жолдау) мақсатты аудиториясы мен көркемдегіш құралдардың қызметін түсіндіреді.
Ойлау дағдыларының деңгейі:	Қолдану
Орындау уақыты:	15-20 минут

Тапсырма. Мәтінді мұқият оқып шығыңыз.

Қымбатты отандастар!

Біздер, қазақстандықтар – бір халықпыз!

Біз үшін ортақ тағдыр – бұл біздің Мәңгілік Ел, лайықты әрі ұлы Қазақстан! Мәңгілік Ел – жалпы қазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы. Бабаларымыздың арманы.

Егеменді дамудың 22 жылында барша қазақстандықтарды біріктіретін, ел болашағының іргетасын қалаған басты құндылықтар жасалды.

Олар көктен түскен жоқ. Бұл құндылықтар – уақыт сынынан өткен Қазақстандық жол тәжірибесі. Осы құндылықтар арқасында біз әрдайым жеңіске жеттік, елімізді нығайттық, ұлы жетістіктерімізді еселедік. Жаңа Қазақстандық Патриотизмнің идеялық негізі осы мемлекет құраушы, жалпыұлттық құндылықтарда жатыр.

Президент Әкімшілігіне, Үкіметке, Қазақстан халқы Ассамблеясына «Қазақстан – 2050» жалпыұлттық қозғалысымен бірлесіп, «Мәңгілік Ел» патриоттық актісін әзірлеп, қабылдауды ұйымдастыруды тапсырамын.

Біз өз халқымыздың игілігі жолында ұлы мақсаттарды алға қоямыз, сондықтан мен барлық саяси партияларды, қоғамдық бірлестіктерді, барша қазақстандықтарды 2050 Стратегиясының басты мақсатына жету жөніндегі жұмысқа белсене қатысуға шақырамын! Әсіресе, жастарымызға мынаны айтамын. Бұл Стратегия сіздерге арналған. Оны жүзеге асыратын да, жемісін көретін де сіздер. Өз жұмыс орындарыңызда отырып, осы жұмысқа әрқайсысыңыз атсалысыңыздар. Немқұрайлылық танытпаңыздар.

Елдің болашағын барша халықпен бірге жасаңыздар!

(156 сөз)

(Н.Ә.Назарбаевтың 2014 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан халқына
Жолдауынан)

1. Мәтін кімге арналған? Ойыңызды дәлелдеңіз.

2. Мәтін қандай мақсатта жазылған?

[2]

3. Мәтінді негізге ала отырып, кестені толтырыңыз.

Мысал	Көркемдегіш құрал түрі	Қолданылу мақсаты
Болашақтың іргетасы		
Ұлы Қазақстан		
Көктен түскен жоқ		

«Мәңгілік Ел – мұратым» бөлімі

Бағалау критерийі	Тапсырма	Дескриптор	Балл
Қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық, ғылыми тақырыптарға байланысты әртүрлі жанрдағы кең көлемді мәтіндердегі мақсатты аудитория мен көркемдегіш	1	Мақсатты аудиторияны анықтайды, ойын дәлелдейді.	2
	2	Мәтіннің жазылу мақсатын анықтайды.	2

құралдардың қызметін түсіндіреді.	3	Көркемдегіш құрал түрін табады.	3
		Көркемдегіш құралдардың рөлін талдайды.	3
	Барлығы – 10 балл		

Қазақ тілі БЖБ №2

«Жаһандану мәселелері» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

- Оқу мақсаты:**
- 9.2.1.1 Тұтас емес (кесте, диаграмма, сызба, сурет) мәтіндердегі мәліметтерді салыстыру, өңдеу;
 - 9.3.3.1 Мәтін құрылымын сақтай отырып, бірнеше графиктік мәтіндегі (диаграмма, кесте) деректерді салыстыру, маңызды тұстары мен үрдістерді (тенденция) анықтап жазу;
 - 9.4.3.1 Стыльдік ерекшеліктерге сай тілдік бірліктерді дұрыс қолдана білу.

Бағалау критерийі:

Білім алушы
 Графиктік мәтіндердегі мәліметтерді салыстырып, өңдейді.
 Графиктік мәтіндердегі (диаграмма, кесте) деректерді салыстырып, маңызды ақпараттар мен үрдістерді анықтайды.
 Тілдік бірліктерді стильге сай қолданады.

Ойлау дағдысының деңгейлері:

Орындау уақыты: 15-20 минут
 Көптілділік – заман талабы

Көптілділік туралы мен көп ойландым. Неден бастау керек? Осы көптілділіктің бізге керегі бар ма, жоқ па деген сауалдар мазалай берді. Не істеу керек?

Көп тіл білу – заман талабы. Елбасының: «Қазақ тілі үш тілдің біреуі болып қалмайды. Үш тілдің біріншісі, негізгісі, бастысы, маңыздысы бола береді» – деп ескерткенін тағы бір қайталап қойсақ артық болмас.

Ақпараттық техниканың дамыған заманында тілді үйрену қиындық тудырмайды, қайта көп тіл білгеннің ешбір зияны жоқ. Бірақ Қазақ баласы әуелі, отбасында Қазақы рухпен тыныстап, ана тілінің нәрлі уызына қанып, ұлттық рухани тәрбиенің қайнар бұлағынан сусындап өсуі керек. Алғашқы тәрбиені ана тілінде қабылдап, Қазақы қасиетпен жетілген бала кейін қандай ортада жүріп, қанша

Орыс тілін үйреніп, орыстардың өзін жаңылыстыратын жағдайға жеттік. Енді алдағы асу – ағылшын тілі. Адам көп тіл білген сайын оның көкірек көзі ашылып, өмірінің көкжиегі кеңіп, өрісі ұлғая түсетін болады.

<https://bilimainasy.kz>

Тілдік бірліктер	Қолдану мақсаты
Осы көптілділіктің бізге керегі бар ма, жоқ па деген сауалдар мазалай берді.	
...ана тілінің нәрлі уызына қанып, ұлттық рухани тәрбиенің қайнар бұлағынан сусындап өсуі керек.	
Ақпараттық техниканың дамыған заманында тілді үйрену...	

[5]



«Жаһандану мәселелері» бөлімі

Бағалау критерийі	Тапсырма	Дескриптор	Балл
Тілдік бірліктерді стильге сай қолданады.	1	1-тілдік бірліктің стилін анықтайды, дәлелдейді.	1
		2-тілдік бірліктің стилін анықтайды, дәлелдейді.	1
		3-тілдік бірліктің стилін анықтайды, дәлелдейді.	1
Графиктік мәтіндердегі мәліметтерді салыстырып, өңдейді. Графиктік мәтіндердегі (диаграмма, кесте) деректерді салыстырып, маңызды ақпараттар мен үрдістерді анықтайды.	2	Суреттердегі мәселені анықтайды.	1
		Шешу жолдарын ұсынады.	1
		Өзіндік пікір білдіреді.	2
		Ортақ тақырыпты анықтайды.	1
Барлығы – 8 балл			

**ТЖБ «Қазақ тілі» пәнінен 1-тоқсан бойынша жиынтық бағалау
тапсырмалары
«Мәңгілік Ел – мұратым», «Жаһандану мәселелері» бөлімдері бойынша**

**Тыңдалым мен айтылым
Тапсырма**

[10]

1. Мәтінді оқып, негізгі ойын анықтаңыз. Мақсатты аудитория мен көркемдегіш құралдардың қолданылуына сыни тұрғыдан өз көзқарасыңызды білдіріңіз. Пікіріңізді жан-жақты тұжырымдап, мысалдар арқылы дәлелдей сөйлеңіз.
2. Жұбыңызды мұқият тыңдаңыз. Оның мәтіні бойынша маңызды деп санайтын 2 сұрақ қойыңыз. Талқылауға белсенді қатысып, пікір білдіріңіз.

1-мәтін

Әрбір ұлттың құндылығы мен ерекшелігі – тілінде. Ұлтқа қызмет етудің бүгінгі үлгісі – қазақтың тіліне қызмет жасау болып табылады. Бұл Қазақстанның топырағын басып, суын ішіп отырған әрбір адамның міндеті.

Сонау Алтайдан Атырауға дейінгі «тұлпар шапса – тұяғы тозатын, сұңқар ұшса – қанаты талатын» байтақ жерге ие болудың өзі – қазақтың пейіліне қарай біткен байлығы. Адамгершілігі асқақ, арамдықтан ада, тумысынан таза, қиянаттан шет, өзі дана, жүрегі бала халық имандылығымен де ерекшеленген.

Гректер мен түріктер қақтығысқанда танцучилер «бір қарыс жер түгіл, бір қиыршық тасымызды бермейміз» деп жанталасты. Қандай ерлік, неткен махаббат бұл! Біз де балаларымызды осылай тәрбиелейік. «Бабаңнан қалған аманатты – қазақтың даласын қасық қаның қалғанша қорғауың керек. Бұл – сенің киелі мекенің. Осы елдің қожасы – тек сенсің! Басқаның көз алартуына жол берме!». Патриоттық сезім болмай, сырқат санадан ажырай алмаймыз.

(171 сөз)

(Ғалым, қоғам қайраткері, филология ғылымдарының кандидаты - Асылы Осман)

2-мәтін

Ұлттық идея қандай да бір халықтың, этностың немесе ұлттың өмір сүру мәнін айқындайды. Өз болашағын құрайтын кез келген мемлекет немесе қоғам осы жағынан өз ұлттық идеясына сүйенуі қажет. Өз ұлттық идеясын мансұқ еткен қоғам құриды, міндетті түрде өз жолынан таяды. Нағыз ұлттық идея – бұл жетілу, әсіресе халықтың бүкіл рухани жетілу идеясы. Бұл идея – ерекше әмбебап идея.

Бұл қазіргі күні жеткіліксіз өнімді, іске асып жатқан өмірді орнықтыру қағидасы. Бұл қазіргі буынның болашақ туралы сындарлы да айқын арманы және бұл ой-арман алдыңғы ұрпақ өкілдерінің болашақ туралы армандарымен астасып жатыр. Бұл халықтың өмір сүруін қамтамасыз ету принципі ретінде туған.

Ұлттық идея халықты ұйымдастыруға бағытталған дүниетанымдық сипаттағы бағыттардың, құндылықтар мен мұраттардың кешені, қоғамның тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуы, мемлекеттің қауіпсіздігі мен тәуелсіздігін нығайту болып табылады. Ұлттық идеяны жай ғана ойдан жасауға болмайды. Оның бөліктері ұлттың болмыс-келбетін білдіретін ұлттық сана-

сезімнің терең қатпарында жатыр, оның мағынасы философияда, тарихта, ғылымда, поэзияда, әдебиетте, музыкада, бейнелеу өнерінде, биде, халық тілінде.
(150 сөз)

(Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауынан)

Балл қою кестесі

Тыңдалым және айтылым

Балл	Грамматика мен лексиканы дұрыс қолдануы	Сұрақты түсіну мен толық жауап беру қабілеті
9-10	Грамматикалық және лексикалық құрылымдардың қолдану аясын өте жақсы түсінеді. Сөз саптауы дұрыс, анда-санда мардымсыз қателерді жібереді.	Мәтіннің мазмұнын толық түсінеді. Мәтін бойынша маңызды деп санайтын 2 сұрақты дұрыс қоя біледі, қойылған сұрақтарға дәлелдер мен мысалдар келтіре отырып жауап береді. Талқылауға белсенді қатысады, өз пікірін жан-жақты жеткізе алады.
7-8	Грамматикалық және лексикалық құрылымдардың қолдану аясын жақсы түсінеді. Сөз саптауы дұрыс, анда-санда қателер жібереді.	Мәтіннің мазмұнын түсінеді. Мәтін бойынша маңызды деп санайтын 2 сұрақты дұрыс қоя біледі, қойылған сұрақтарға дәлелді жауап береді. Талқылауға белсенді қатысуға тырысады, өз пікірін жеткізе алады, бірақ кейде сырттан қолдауды қажет етеді.
5-6	Грамматикалық және лексикалық құрылымдарды қолдану аясын орташа түсінеді. Сөз саптауы дұрыс, қателері байқалғанмен, түсінуге кедергі тудырмайды.	Мәтіннің негізгі мазмұнын түсінеді, бірақ күрделі сұрақтарды талдауда едәуір қиналады. Күтпеген сұрақтарға жауап беруде қателіктер жібереді. Талқылау кезінде қолдауды қажет етеді, жауаптарын алдын ала дайындап келгендей көрінеді.
3-4	Грамматикалық және лексикалық құрылымдардың қолдану аясын аздап түсінеді. Сөз саптауы нақты емес, түсініспеушілікті тудырады.	Мәтіннің мазмұнын түсінуде қиналады. Күтпеген сұрақтарға жауап беруде жиі қателеседі, тақырыпты ашуды дамыта алмайды. Талқылау кезінде қолдаусыз өзін көрсете алмайды.
1-2	Грамматикалық және лексикалық құрылымдардың қолдану аясын өте аз түсінеді. Түсініспеушілікті	Мәтіннің мазмұнын түсінуде қатты қиналады. Күтпеген сұрақтарға жауап беруде көп

	тудыратын, қайталанып келетін қателер жиі кездеседі.	қателіктер жібереді, тіпті жауап бере алмайды. Талқылауға өте аз қатысады.
--	--	--

**Оқылым
Тапсырма**

[10]

Мәтінді оқып, төменде берілген тапсырмаларды орындаңыз.

Ел ішіндегі тұрақтылық пен тұтастықтың бірқалыпты дамуының шешуші факторы болып табылатын ұлттық бірлік қоғамдық келісімге бастайды. Ал бұл құндылықтар «Мәңгілік ел» жалпыхалықтық идеясында көрініс тапқан. Мәңгілік елге айналу үшін тәуелсіздікті сақтап, елдігімізді нығайту басты мақсат болып табылады, өйткені тәуелсіздік ұғымы халқымыздың мұраты, ғасырлар бойғы арманына айналған, сонау алаш тұлғаларының зердесі мен өнегесімен келген аманат дүние болатын. *Бұл Елбасымыздың: «Қымбатты отандастар!*

... Біздің бір ғана Отанымыз бар. Ол – тәуелсіз Қазақстан. Біз болашаққа көз тігіп, тәуелсіз елімізді «Мәңгілік Ел» етуді мұрат қылдық. Осы идеяны әрқайсысымыз сезініп, өмірлік сабақ ретінде түйсек, осы жолда бар әлеуетімізді салсақ, 2050 жылы мұрат еткен «Мәңгілік Елге» жететінімізге сенімдімін..., ... өткен тарихымызға тағзым да, бүгінгі бағытымызға мақтаныш та, гүлденген келешекке сенім де «Мәңгілік Ел», – деген сөздерімен толыға түседі. «Мәңгілік Ел – ата-бабаларымыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы. Ол арман – әлем елдерімен терезесі тең қатынас құрып, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын Тәуелсіз Мемлекет атану еді.

(147 сөз)

<http://ank.kz/post/mglk-el>

1.Кестені толтырыңыз.

[3]

№	Тілдік құралдар	Мәтіннен 2 мысал
1	Қоғамдық-саяси терминдер мен сөздер	
2	Эмоционалды-экспрессивті сөз орамдары	
3	Ой салу мағынасында қолданылған сөздер	

--	--	--

2. Мәтінді құрылымына сай бөліктерге бөліп, жанрын, стилін анықтаңыз.

[4]

Мәтін бөліктері	Мәтін бөліктері басталатын сөйлем	Жанры, стилі
Кіріспе		
Негізгі бөлім		
Қорытынды		

3. Сұрақтарға жауап беріңіз.

[3]

- ✓ Мәтінде оқшаулап берген сөйлемдерде автор көпшілікке бағытталған қандай сөздерді қолданады? Ойыңызды 2-3 сөйлеммен жазыңыз.

- ✓ Мәтін бойынша «Мәңгілік Ел» ұғымын сипаттауда Елбасы қандай бағалаушы сөздерді қолданған? Ойыңызды 2-3 сөйлеммен жазыңыз.

4. Мәтінде окшаулап берген бөлік қай қатарға сай екенін анықтаңыз.
- А. Баяндама
 - В. Очерк
 - С. Шешендік толғау
 - Д. Шешендік арнау

Оқылым

Балл қою кестесі

Балл қою кестесі

Оқылым

№	Жауап	Балл
1	Тілдік құралдар	3
2	Мәтін құрылымы	3
3	Жанры, стилі	1
4	Сұрақтарға жауап беру	3
Барлығы		10

Жазылым

Төменде берілген екі тақырыптың бірін таңдап, жазба жұмысын орындаңыз. Стыльдік және жанрлық ерекшеліктеріне сай тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай дұрыс қолданыңыз.

[10]

1. Бүгінде біз – тарихымызды танып, әлем жұртына өзімізді танытып, қарқынды түрде дамып келе жатқан мәңгілік елміз. Ана тіліміз арқылы мың жасап, ана тіліміз арқылы таныларымыз хақ, олай болса, келешекте қазақ тілін әлем деңгейі тілдері қатарынан көруіміз мүмкін бе? Оқырманға әсер қалдыратындай етіп баяндама жазыңыз.

2. Жаһандық қоғам әлдеқайда ашық бола түсуде: капиталдың, қаржының, адамдардың, ақпараттың еркін қозғалысы осы заманғы «шекараларсыз әлем» тұжырымдамасының негізіне айналды. Осы жаһандық байланыс елімізге оң әсерін тигізуде ме, әлде керісінше кері әсері бар ма?

Екі жақты пікірдің біреуіне таңдау жасап, өз ойыңызды дәлелдеп аргументативті әссе жазыңыз.(150-200 сөз)

Жазылым

Балл	Сипаттамасы
9- 0	Жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданады. Ойын еркін әрі толық беруде, күрделі әсерлерді жеткізе алады, тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазады.
7-8	Жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды қолданады. Ойын анық әрі еркін білдіруі тиісті әсерді береді, жіберілген кейбір орфографиялық қателер түсінуді қиындатпайды.
5-6	Жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды қанағаттанарлық деңгейде қолданады. Оқырманға ерекше әсер беру мақсатымен кейбір сипаттау құралдары қолданылған. Ойын анық білдіреді, бірақ бір сарыннан шықпайды, орфографиялық қателер, мәтіндегі сөздердің байланысу түрлерінің дұрыс қолданылмауы, шақтардың, бастауыш пен етістіктердің ұйқаспауы жалпы әсерді бұзады.
3-4	Жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды қолдануға тырысады. Құрылымы жүйесіз немесе анық емес, нақты суреттеу мен карама – қайшылықтарды баяндау қабілеті жетіспейді. Сөз саптауы нақты болғанымен, жүйесіздік байқалады, жиі қателер (сөздердің байланысу түрлерінің дұрыс қолданылмауы, шақтардың, бастауыш пен етістіктердің ұйқаспауы, орфографиялық қателер, пунктуацияның жоқтығы) жібереді.
1-2	Қолданған тілдік құралдары жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай емес. Сөздер кейде анық емес, орфографиялық және құрылымдық қателер (сөздердің байланысу түрлерінің дұрыс қолданылмауы, шақтардың, бастауыш пен етістіктердің ұйқаспауы, пунктуацияның жоқтығы) мағынаны толық түсінуге қиындық келтіреді.

Тоқсандық жиынтық бағалау тапсырмаларының сипаттамасы

Тапсырма	Қамтылатын мақсаттар	Тапсырма түрлері	Тапсырмалар сипаттамасы	Орындау уақыты, мин уты	Балл
1					5

	9.1.2.1 қоғамдық-саяси, әлеуметтік экономикалық, ғылыми тақырыптарға байланысты әртүрлі жанрдағы кең көлемді мәтіндердегі (Жолдау) мақсатты аудитория мен көркемдегіш құралдардың рөлін талдау; 9.1.4.1 мәтіннің мақсаты арқылы негізгі ойды анықтау; 9.1.5.1 мәтіндегі айтылған ойға өз көзқарасын білдіреді, сыни тұрғыдан баға беріп айту; 9.4.3.1 стильдік ерекшеліктерге сай тілдік бірліктердің дұрыс қолдана білу;	Толық жауапты қажет ететін сұрақтар	Тапсырма жұппен орындалады. Білім алушыларға 150-200 сөзден тұратын ортақ тақырыпқа қатысты мәтіндер беріледі, оқушы жеке отырып оқиды (немесе аудио арқылы тыңдатуға болады). Білім алушылар мәтінді оқу барысында мәтіннің мазмұнын түсініп, мақсатты аудитория мен көркемдегіш құралдардың рөлін талдайды, негізгі ойды анықтайды, өз көзқарасын білдіреді, сыни тұрғыдан баға беріп айтады. Тыңдаушы жұп мәтінде көтерілген мәселе бойынша екі сұрақ қояды. Сөйлеу барысында стильдік ерекшеліктерге сай тілдік бірліктердің дұрыс қолдана білуі бағаланады. Бағалау әр оқушыға жеке-	Тыңдалым мен айтылым сабақтан тыс, қосымша уақытта өткізіледі (әр білім алушыға 3-5 минут беріледі)	5
--	--	--	--	--	----------

			жеке қойылады.		
2	9.2.3.1 мақала құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату; 9.2.2.1 қазақ тілі стильдері мен шешендік сөздің түрлерін қолданылған тілдік құралдар арқылы тану;	Көп таңдауы бар, қысқа жауапты қажет ететін сұрақтар	Білім алушыларға 120-150 сөзден тұратын мәтін беріледі. Мәтінді оқып, тілдік құралдарды анықтайды, қолданысына түсінік береді, құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық, стильдік ерекшеліктерін анықтайды.	15	3 4 3
3	9.3.2.1 мақсатты аудиторияның қызығушылығын ынталандыру үшін әртүрлі жанрда мәтіндер құрастыру; 9.3.4.1 эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, көтерілген мәселе бойынша екіжақты пікірді немесе жағдаятты талқылау, біреуіне таңдау жасап, өз ойын дәлелдеп жазу (аргументативті эссе);	Жазбаша толық жауапты қажет ететін сұрақтар	Білім алушылар ұсынылған екі тақырыптың бірін таңдап, жазба жұмысын орындайды. Бірінші жұмыста мақсатты аудиторияның қызығушылығын ынталандыра отырып, жанрлық және стильдік ерекшеліктерін е сай	25	10

	9.4.1.1 мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу.		оқырманға әсер қалдыратындай етіп баяндама жұмысын жазады. Екінші жазылым жұмысында құрылымын сақтай отырып, көтерілген мәселе бойынша екіжақты пікірдің немесе жағдаяттың біреуін таңдап, өз ойын дәлелдеп, тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай 150-200 сөзден тұратын аргументативті эссе жазады.		
Барлығы				40 мин ут	30

БЖБ №1 Пән: Қазақ әдебиеті

Сыныбы: 9-сынып

Бөлім: «Атадан қалған асыл сөз»

Сөйлеу әрекетінің Түрлері	Оқылым Жазылым
	9.3.4.1 көркем шығармалардан алған үзінділерді шығармашылық жұмыстарда қолдану;

Оқу мақсаты	9.2.3.1 шығармадағы әдеби тілді құбылту мен айшықтаудың (троп пен фигура) түрлерін талдай отырып, автор стиліне баға беру
Бағалау критерийі	• Көркем шығармалардан алған үзінділерді шығармашылық жұмыстарда қолданады; • шығармадағы әдеби тілді құбылту мен айшықтауды анықтай алады; • автор стиліне баға бере алады;
Ойлау дағдыларының деңгейі	Жоғары деңгей дағдылары
Орындалу уақыты	20 мин

1-тапсырма.

Ж. Баласағұн "Құтты білік", Майқы би, Мөңке би, Әнет баба еңбектерінен бірнеше үзінділер келтіре отырып, «Атадан қалған асыл сөз – менің және сенің өмірлік жолсілтеушің» тақырыбында қазіргі жастарға ақыл-кеңес, үндеу жазыңыз. (15-20 сөйлем)

2-тапсырма. Тұжырымның шындық-жалған екендігін анықтаңыз.

Тұжырым	Иә	Жоқ
Үгітті ұққанға айту керек		
Адамда жан тәтті		
Су анасы-бұлақ		
Сөз анасы- ақиқат		
Өтірік пен шынның арасы – төрт елі		

3-тапсырма. Әдеби тілді құбылту мен айшықтауларды табыңыз.

Тұжырым	әдеби тілді құбылту мен айшықтаулар
Еркелейтін немерең жақын	

Мейірімді апаң қымбат	
Шынышқылаған сөз қиын	
Туып өскен елің қымбат	
Кіндік кескен жерің қымбат	

4-тапсырма. Автор стиліне сүйене отырып, әрі қарай өз шығармашылығыңызбен жалғастырыңыз. (Өлең немесе қарасөз түрінде)

Ақыл-шырақ, қара түнді ашатын Білім-жарық, нұрын саған шашатын. Ж. Баласағұн «Құтты білік»	----- ----- ----- ----- ----
---	---

Бағалау критерийі	№ тапсырма	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
Көркем шығармалардан алған үзінділерді шығармашылық жұмыстарда қолданады	1	✓ Шығармадан үзінділер келтіреді:	
		1 үзінді	1
		2 үзінді	1
		3 үзінді	1
		✓ Ақыл-кеңес береді;	1
		✓ Үндеу жазады;	1
		✓ Жазба жұмысының көлемін сақтайды;	1

шығармадағы әдеби тілді құбылту мен айшықтауды анықтай алады	2	Тұжырымның шындық-жалған екендігін анықтай алады ✓ 1-тұжырым ✓ 2-тұжырым ✓ 3-тұжырым ✓ 4-тұжырым	1 1 1 1
	3	әдеби тілді құбылту мен айшықтауларды таба алады ✓ 1-тұжырым ✓ 2-тұжырым ✓ 3-тұжырым ✓ 4-тұжырым ✓ 5-тұжырым	1 1 1 1 1
автор стиліне баға бере алады;	4	1-2сөйлем 3-4 сөйлем	1 1
Барлығы – 17			

БЖБ №2 Қазақ әдебиеті 2-бөлім «Атадан қалған асыл сөз» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Оқылатын шығарма :	Сырым Датұлы «Бала би мен Сырым»; <i>Бұқар жырау «Тілек», «Әй, Абылай, Абылай», «Асқар таудың өлгені»; «Біржан-Сара» айтысы</i>
Оқу мақсаты:	9.3.1.1 шығарманы басқа өнер түрлеріндегі осы мазмұндас туындылармен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау; 9.1.4.1. шығармадағы әдеби тілді құбылту мен айшықтаудың (троп пен фигура) түрлерін талдай отырып, автор стиліне баға беру.
Бағалау критерийі:	Шығарманы мазмұндас туындылармен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығына баға береді; Шығармадағы әдеби тілді құбылту мен айшықтаудың (троп пен фигура) түрлерін талдай отырып, автор стиліне баға береді.
Ойлау дағдысының деңгейлері:	Қолдану, жоғары деңгей дағдылары

Орындау уақыты: 15-20 минут

Тапсырма.

1. Бұқар жырау шығармаларындағы Абылай хан бейнесін «Көшпенділер» фильміндегі Абылай хан образымен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалаңыз. (5-6 сөйлеммен жазыңыз).

[4]

2. "Біржан мен Сара" айтысынан берілген үзіндінің көркемдік ерекшелігін талдап, автор стилін бағалаңыз. Кестені толтырыңыз.

[7]

"Біржан мен Сара" айтысынан үзінді	Көркемдегіш құралға мысал	Қолдану ерекшелігі	Автор стиліне баға беріңіз
Тақсыр-ау, күні құрсын ұрғашының, Билігі болмайды екен бір басының. Тері терсек берген соң ит те алады, Пұлындай берекесіз арбашының... Жиенкүл күжірейіп келер ме екен, Он мата арқасына тыққандай ақ. Көрмейсіз неге менің көз жасымды? Жеңбек боп Біржан солай сөз қашырды. Жиылған Қаптағайдың жақсылары, Басқаға айырып бер өз басымды.	1. Риторикалық сұрақ 2. Теңеу 3. Сарказм		

--	--	--	--

Бағалау критерийі	Тапсырма	Дескриптор	Балл
Шығарманы басқа өнер түрлеріндегі осы мазмұндас туындылармен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығына баға береді. Шығармадағы әдеби тілді құбылту мен айшықтаудың (троп пен фигура) түрлерін талдай отырып, автор стиліне баға береді.	1	Бұқар жырау шығармаларындағы Абылай хан бейнесін «Көшпенділер» фильміндегі Абылай хан образымен салыстырады.	2
		шығарманың тарихи және көркемдік құндылығын бағалайды.	1
		өз пікірін дәлелді жеткізеді.	1
	2	риторикалық сұраққа мысал келтіреді, қолданылу мақсатын талдайды.	2
		теңеуге мысалды келтіреді, қолданылу мақсатын талдайды.	2
		сарказмға мысалды келтіреді, қолданылу мақсатын талдайды.	2
		автор стиліне баға береді.	1
Барлығы – 11			

ТЖБ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ

1-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ

Жиынтық бағалауға шолу

I нұсқа

Ұзақтығы: 40 минут

Түсіну және жауап беру - 5 минут

Анализ және интерпретация - 15 минут

Бағалау және салыстыру - 20 минут

Балл саны: 20

Көп таңдауы бар сұрақтар

Қысқа жауапты қажет ететін ашық сұрақтар

Толық жауапты қажет ететін сұрақтар

Жиынтық бағалаудың құрылымы

Тоқсандық жиынтық бағалаудың нұсқасы 3 бөлімнен тұрады: бірінші бөлім - түсіну және жауап беру, екінші бөлім - анализ және интерпретация, үшіншісі- бағалау және салыстыруды тексеруге арналған.

**«Қазақ әдебиеті» пәнінен 1-тоқсан бойынша жиынтық бағалау
тапсырмаларының сипаттамасы**

Тапсырма	Қамтылатын мақсаттар	Сипаттама	Орындау уақыты, минуты	Балл
1-5	9.1.2.19.1.1.1 әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасау; 9.1.2.1 әдеби шығармадағы психологизмді анықтау; 9.1.3.1 көркем шығарманың идеясына сай кейіпкерлер жүйесін анықтау; 9.1.4.1 көркем шығармалардан алған үзінділерді шығармашылық жұмыстарда қолдану;	Жауап нұсқаларынан бір дұрыс жауабын таңдау/жабық сұрақтар	5	5
6-10	9.2.1.1 эпикалық, поэтикалық, драмалық мәтіндердегі композициялық амалдарды талдау; 9.2.2.1 автор бейнесінің идеялық-стистикалық тұтастырушы ретіндегі рөліне талдау жасау; 9.2.3.1 шығармадағы әдеби тілді құбылту мен айшықтаудың (троп пен фигура) түрлерін талдай отырып, автор стиліне баға беру; 9.2.4.1 автор стиліне сүйене отырып, шығармашылық жұмыс жазу	Қысқа жауапты қажет ететін ашық сұрақтар	15	15
11	9.3.3.1 шығарманың идеясын ғаламдық тұрғыдан талдап, әдеби эссе жазу.	Жазбаша толық жауапты қажет ететін сұрақтар	20	10
Барлығы			40	30

«Қазақ әдебиеті» пәнінен 1-тоқсан бойынша жиынтық бағалау тапсырмалары

1-БӨЛІМ

1. *Ислам дәуірі әдебиеті қай кезеңді қамтиды?*

- A) 5-6ғ.
- B) 7-8ғ.
- C) 10-12ғ.
- D) 11-12ғ.

[1]

2. *«Құтты білік» дастанында көтерілген тақырып*

- A) жақсы әйел мен жаман әйел
- B) жігіттің сипаттары
- C) мал шаруашылығы
- D) мемлекетті басқару

[1]

3. *Берілген өлең жолдарын толықтырыңыз*

... тілің болады,

Дүдәмалдау ... болады

Еркегің ... болады

Әйелің ... болады

- A) алашұбар, тілің, базаршы, қазаншы
- B) қасиетсіз, қызың, қазаншы, базаршы
- C) алашұбар, дінің, қазаншы, базаршы
- D) қарашұбар, ұлың, базаршы, қазаншы

[1]

4. *Кестеде берілген өлең жолдарын сәйкестендіріңіз.*

1. Оныншы тілек тілеңіз	A) Төрде төсек тартып жатпасқа
2. Тоғызыншы тілек тілеңіз	B) Он ай сен көтерген, анаң бір аңырап қалмасқа
3. Он бірінші тілек тілеңіз	C) Тоқсандағы қарт бабаң Топқа жаяу бармасқа
4. Төртінші тілек тілеңіз	D) Он бармағы қыналы Ардақтап жүрген бикешің Жылай да жесір қалмасқа

- A) 1-С,2-Б,3-А,4-Д
- B) 1-Д,2-А,3-Б,4-С
- C) 1-Б,2-С,3-Д,4-А
- D) 1-Д,2-С,3-Б,4-А

[1]

5. Жеті жарғыны жасауға қатысқан биді табыңыз.

- A) Әнет баба
- B) Майқы би
- C) Бабыр би
- D) Әйтеке би

[1]

2-БӨЛІМ

6. Сырым Датұлының «Табалдырықтан биік тау жоқ» сөзінің мәнін түсіндіріп жазыңыз. Сөз саны 50-60 сөз.

[3]

7.«Біржан-Сара» айтысының көркемдік ерекшелігі туралы өз ойыңызды талдап жазыңыз. (5-6 сөйлем) [3]

8.Ел бірлігін сақтау идеясы жыраулар толғауларында қалай көрініс берген? Ойыңызды шығармалардан дәлелдер келтіре отырып жазыңыз. (5-6 сөйлем)

[3]

9. Қазыбек бидің елшілік қызметі тарихтан мәлім. Бұрынғы елшілер мен қазіргі елшілерді салыстыра отырып жауап беріңіз. (5-6 сөйлем)

[3]

10. Айтыскерлерге қойылатын талаптарды атап жазыңыз. (5-6 сөйлем)

[3]

3-БӨЛІМ

11. «Би-шешендердің аталы сөздеріндегі ойлар қазіргі кезде өзекті ме?» тақырыбына әдеби эссе жазыңыз. Өз ойыңызды бүгінгі таңдағы ұлттық және ғаламдық мәселелермен байланыстырыңыз. Сөз саны 120-130.

[10]

8	-жыраулар толғауларындағы идеяның көрінісін анықтайды;	1
	-негізгі ойды қазіргі өмірмен байланыстырады;	1
	-шығармадан дәлел келтіреді;	1
9	-сұраққа жауап береді;	1
	-елшілік қызметті салыстырады;	1
	-ойын дәлелдейді;	1
10	-айтыскерге қойылатын талаптарды біледі;	1
	-ойын дәлелді жеткізеді;	1
	-мысалдар келтіреді;	1
11	-ұлттық мәселемен байланыстырады;	1
	-ғаламдық мәселемен байланыстырады;	1
	-дәлелдер келтіреді;	1
	-өз ойын білдіреді;	1
	эссенің стильдік ерекшелігін сақтайды;	1
	- лексика-грамматикалық тұлғаларды орынды қолданады;	1
	-өмірден мысалдар келтіреді;	1
	-орфографиялық норманы сақтайды;	1
	-сөз санын сақтайды;	1
	-әдеби эссе құрылымын сақтайды.	1
Барлығы – 30 балл		

**БЖБ №1 Қазақ тілі мен әдебиеті (оқыту тілі қазақ тілінде емес) 9-сынып Т2
1-тоқсан**

«Қазақ жазуының даму жолы» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Оқу мақсаты: 9.1.1.1 Тыңдалатын мәтіндегі фразалар мендәйексөздерді талқылай отырып, тақырыппен көтерілетін мәселені болжау;

9.2.1.1 Берілген тақырыпқа сай сөздерді орынды қолдана отырып, мақсатты аудиторияға арналған ауызша мәтіндер құрау.

Бағалау критерийі: ***Білім алушы:***

- Фразалар мен дәйексөздерге сүйеніп, тақырып пен көтерілетін мәселені болжайды;

- Сөздерді орынды қолдана отырып, мақсатты аудиторияға сәйкес ауызша мәтіндер құрайды.

Ойлау дағдыларының деңгейі: Білу және түсіну, қолдану

Орындау уақыты: 15-20 минут

Тыңдалым

1-тапсырма. Берілген сөздер мен сөз тіркестері арқылы тақырыпты, көтерілетін мәселені болжаңыз. Себебін түсіндіріңіз. Өз жауабыңызды бірінші бағанға жазыңыз.

Ұсынылатын сөздер мен дәйексөздер: Жазу жүйесі, көне түркі мұралары, араб графикасы, қазақ әліпбиі, латын графикасы, «Латын графикасына көшу қазақ тілін жаңғыртып қана қоймай, оны осы заманғы ақпараттың тіліне айналдырады».

(Н.Ә.Назарбаев)

Менің болжамым	Мәтін тақырыбы және көтерілген мәселе
Тақырып:	Тақырып:
Мәселе:	Мәселе:

2-тапсырма. Мәтінді тыңдап, тақырыбы мен көтерілген мәселені кестенің екінші бағанына жазыңыз.

1929 жылға дейін Қазақстанда араб жазуы пайдаланылды. Алайда оның өзіндік қиындықтары болды, себебі онда қазақ тілінің ерекшеліктері ескерілмеген. XX ғасырдың басында Ахмет Байтұрсынұлы ұсынысымен қазақ фонетикасының ерекшеліктері сақталып жасалған, араб графикасына негізделген «төте жазу» пайдаланылған. Дегенмен ол да мәселе туғызды, себебі араб әріптері сөз басында, ортасында және соңында әртүрлі таңбаланады. 1929-40 жылдар аралығында латын графикасына негізделген әліпбиді жазу жүйесіне енгізіп, 1940 жылдан бері қарай кирилл графикасы әліпбиін қолданып келеді. Кирилл жазуы Қазақстанның бүкіл жерінде және Моңғолияның Баян-Өлгей аймағында, көршілес Қырғызстан, Ресей, Түрікменстан және Өзбекстан елдерін мекендеген қазақ жұрты пайдаланады. Сондай-ақ Түркия, Германия, АҚШ, т.б. батыс елдерінде қазақ диаспорасы қалыпты емес әртүрлі латын жазуын пайдаланады. Осылайша, қазақ тілінің әліпбиін өзгерту тарихы негізінен нақты саяси себептермен айқындалып келді. Латынға Түркия 1928 жылы көшсе, Өзбекстан, Әзірбайжан КСРО тарағаннан кейін ауысты. Сол елдердің тәжірибесіне қарасақ, мысалы, Өзбекстан 1928 жылға дейін араб әліпбиін қолданған. 1928-1940 жылдар аралығында жазулары латын әліпбиі негізінде болған. 1940-1992 жж. кириллица қолданылып, 1993 жылы өзбек тілі қайта латын тіліне көшіп, қазіргі кезге дейін қолданып келеді. (164 сөз)

<https://znaniya.com/task/>

3-тапсырма. Сұраққа жауап беріңіз.

Сіздің болжамыңыз мәтін мазмұнымен сәйкес келді ме? Неге?

4-тапсырма. «Латын графикасы – ел болашағының кепілі» деген тақырыпта ауызша мәтін құраңыз. Мәтінде берілген сөздер мен сөз тіркестерін қолданыңыз.

Сөздер мен сөз тіркестері: жаһандық әлемге жол, мемлекеттік тілдің позициясын нығайту, ұлттың сақталуы, әліпби реформасы, қоғамның қолдауы, «Көш жүре түзеледі», қанатын кеңге жайған ағылшын тілі, елу жылда ел жаңа, қолданыс аясын кеңейту, т.б.

Бағалау критерийі	Тапсырма	Дескриптор	Балл
Фразалар мен дәйексөздерге сүйеніп, тақырыппен көтерілетін мәселені болжайды	1-2	- кілт сөздер арқылы тақырыпты болжайды;	1
	3	- дәйексөз арқылы мәтінде көтерілетін мәселеге болжам жасайды;	1
		- мәтін бойынша тақырыпты анықтайды;	1
		- мәтін мазмұны бойынша көтерілген мәселені нақтылайды;	1
		- мәтін бойынша сұрақтарға дұрыс жауап береді.	1
Сөздерді қолданып, мақсатты аудиторияға сай ауызша мәтіндер құрастырады	4	- тақырып бойынша ауызша мәтін құрайды;	2
		- берілген сөздер мен сөз тіркестерін қолданады;	2
		-мақсатты аудиторияны анықтайды.	1
Барлығы			10

**БЖБ №2 Қазақ тілі мен әдебиеті (оқыту тілі қазақ тілінде емес) 9-сынып Т2
1-тоқсан**

«Жолың болсын, жолаушы!» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

1-нұсқа

Оқу мақсаты: 9.3.4.1 мәтіндердің стилін, жанрлық ерекшеліктерін салыстырып, талдау жасау;
9.4.3.1 жазба жұмыстарында афоризмдерді тиімді қолданып жазу.

Бағалау критерийі: *Білім алушы:*

- Мәтіндердің стилін, жанрлық ерекшелігін ажыратады;
- Жазба жұмысында афоризмдерді қолданады.

Ойлау дағдыларының деңгейі: Қолдану

Орындау уақыты: 15-20 минут

1-тапсырма. Мәтіндерді мұқият оқып шығып, екі мәтіннің тілдік ерекшеліктеріндегі айырмашылықтары мен ұқсастықтарын зерттеп, талдау жасаңыз. Мақаланың жанрлық ерекшелігін анықтаңыз.

1-мәтін

«Аспан қарлығаштары», стюардессалар — ең романтикалық мамандықтардың бірі. Жолсеріктің жұмысы біршама ауыр болғанымен, жалақы деңгейі, әлеуметтік жеңілдік пен романтикалық тартымдылығы көптеген қыздарды стюардесса болуды армандауға жетелейді.

Жұмысқа қабылдайтын әр компания жолсеріктерге түрлі талап қояды, бірақ көбіне бұл қызметке 19-30 жас аралығындағы, бойы 160-180 см-ге дейінгі қыздарды алады. Сонымен қатар болашақ стюардессаның келбетті, сүйкімді, дене сымбаты 48-өлшемге дейін болуы шарт және сөйлеу мәнерінде мін болмауы тиіс. Мамандығына аса назар аударылмайды. Есесіне бірнеше тіл, әсіресе ең негізгі қазақ, орыс және ағылшын тілдерін білуі маңызды. Оған қоса неміс, француз, түрік және т.б. тілдерді білгені дұрыс. Жолсеріктің денсаулығы мықты болуы қажет, жүзе білуі керек және әрдайым спортпен шұғылданып тұрғаны абзал. Созылмалы аурулары бар және көз көруі -2,5-тен төмен қыздар жұмысқа қабылданбайды.

2000 сағат ұшқан соң, стюардесса екінші дәрежелі куәлікке емтихан тапсыра алады, ал 3000 сағат ұшудан кейін, ол бірінші дәрежелі маман болады. Мансабының өсуімен жалақысы да өседі. (142 сөз)

2-мәтін

«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ еншілес компаниясы «Жолаушылар тасымалы» АҚ темір жол көлігімен жолаушыларды 110-нан астам қатынасқа тасымалдау қызметтерін жүзеге асырады. Компанияның темір жол жолаушылар тасымалы нарығындағы үлесі шамамен 90% құрайды, сондай-ақ жалпы жолаушылар көлігі қызметінің көлемі бойынша 50%-ға ие.

«Жолаушылар тасымалы» АҚ электронды билет сатуды жетілдіру мақсатында Android платформасында жол жүру құжаттары сатылатын «ҚТЖ билеттері» мобилдік қосымшасын іске қосады.

Ұлттық тасымалдаушы жол жүру құжаттарын (билеттерді) интернет-ресурста ресімдеуге болатынын еске салады. bilet.railways.kz немесе билет кассасы, бөгде интернет-сайттар, өзіне-өзі қызмет көрсету автоматтары («QIWI» және «Касса-24» сауда маркаларымен) арқылы немесе пошта бөлімшелерінің қызметтерін пайдалануға, орын болмаған жағдайда, пойыз жөнелтілгенге дейін 7 тәулік бұрын «Күту парағы» қызметін тегін пайдалануға болады.

«Азаматарды билет сатып алғанда бөгде адамның күмәнді қызметін пайдаланбауға, ал билеттерді заңсыз сату фактісі анықталған кезде белсенді азаматтық ұстаным танытып, қызметкерлері тұрақты негізде вокзал кешендерінде орналасқан ҚР ІІМ көліктегі полиция департаментінің Желілік полиция бөлімдеріне жүгінуге шақырамыз», - делінген хабарламада. (146 сөз)

1-мәтін	2-мәтін
Стилі, себебі	
Жанры , себебі	
Ұқсастығы	

Айырмашылығы	

2-тапсырма. Сізге саяхаттау өте ұнайды. Ел-жер көру үшін кезекті саяхатыңызда ұшақты емес, пойызды таңдадыңыз. Жол үстіндегі көрген қызықты оқиғаңыз, кездескен кедергі мен ерекше әсеріңіз туралы 3 күніңізді сипаттайтын күнделік жазыңыз. Күнделігіңізде берілген афоризмді қолданыңыз.

Афоризмдер:

1. Жол сұрамай, жолға түспе.
2. Жол сұраған адаспайды.
3. Жолаушыны жол сынайды.

Бағалау критерийі	Тапсырма	Дескриптор	Балл
Мәтіндердің тілдік ерекшелігін, жанрлық ерекшелігін анықтай алады.	1	1-мәтін Стилі анықтайды	1
		Жанрлық ерекшелігін табады	1
		2-мәтін Тілдік ерекшелігі	1
		Жанрлық ерекшелігін табады	1
		Ұқсастығы	1
		Айырмашылығы	1
	2	Күнделік жазады	2

Жазба жұмысында афоризмдерді қолданады		Берілген афоризмдерді қолданады	2
Барлығы			10

ТЖБ «Қазақ тілі мен әдебиеті Т2» пәнінен 1-тоқсан бойынша тоқсандық жиынтық бағалау

тапсырмалары

- Оқу мақсаты:**
- 9.1.1.1 Тыңдалатын мәтіндегі фразалар мендәйексөздерді талқылай отырып, тақырыппен көтерілетін мәселені болжау;
- 9.2.1.1 Берілген тақырыпқа сай сөздерді орынды қолдана отырып, мақсатты аудиторияға арналған ауызша мәтіндер құрау.

Бағалау критерийі: ***Білім алушы:***

- Фразалар мен дәйексөздерге сүйеніп, тақырып пен көтерілетін мәселені болжайды;
- Сөздерді орынды қолдана отырып, мақсатты аудиторияға сәйкес ауызша мәтіндер құрайды.

Тыңдалым

Күлтегін ескерткіші —ежелгі түркі жазба ескерткіші. Екі құлпытастағы құпия жазуларды түркітанушылар көпке дейін оқи алмай келді. Ғалымдар арасында тастағы белгісіз жазуларды көне кельт, гот, грек, славян, Скандинавия, финн, тіпті моңғол немесе қалмақ жазулары деген тұжырымдар болды. 1893 жылы 25 қарашада Дания ғылым академиясының мәжілісінде В.Томсен Орхон жазба жәдігерлерін оқудың кілтін тапқандығын әрі оның көне түркі тілінде жазылғандығын, алдымен оқыған сөздері «тәңірі» және «түрік» деген сөздер екенін жариялады. Содан кейін академигі В.В.Радлов мәтінді тәржімалады. Осы зерттеулерден кейін құлпытастарға қашалған жазулар Күлтегін батырдың ерлік істері туралы қаһармандық дастан екендігі белгілі болды. Күлтегін қабіріне қойылған екі ескерткіштің бірі ғылымда «кіші жазу», ал екіншісі «үлкен жазу» деп аталып кеткен. Бұлардың әрқайсысын түркі елінің даңқты әскери қолбасшысы Күлтегіннің жауынгерлік жорықтарын мадақтап, жырлауға арналған қаһармандық дастандар деуге болады. Күлтегін батыр жайындағы бұл

екі дастанның да авторы өз дәуірінің аса дарынды ақыны, көрнекті қоғам қайраткері Иоллығ тегін (VIII ғасыр).

«Күлтегін» жырының басты идеясы – түркі халқын ауызбірлікке, сыртқы жауға қарсы ұйымдасқан күреске, ежелгі ата-баба жолы мен салт-дәстүрін берік ұстауға үндеу болып табылады. (164 сөз)

<https://kk.wikipedia.org/wiki/>

1. Күлтегін қабіріне қойылған екі ескерткіш ғылымда қалай аталады?

- A. хикая
- B. «үлкен жазу» және «кіші жазу»
- C. драмалық шығарма
- D. роман

[1]

2. Күлтегін батыр жайындағы бұл екі дастанның да авторы кім?

- A. Радлов В.В
- B. Йоллығ тегін
- C. Абай Құнанбайұлы
- D. В.Томсен

[1]

3. Күлтегін жырын алғаш оқыған ғалым В.Томсен қандай сөздерді оқыды ?

- A. «қолбасшы» және «батыр»
- B. «тәңірі» және «түрік»
- C. « ағартушы» және «ұстаз»
- D. «педагог»және «ғалым»

[1]

4. Перифразбен берілген сөйлемдердің ішінен мазмұнға сай 2 ақпараттарды анықтаңыз.

Мәтінде берілген тұжырым тұсына «+» берілмеген тұжырым тұсына «-» белгісін қойыңыз.

А	Жолаушы – белгілі бір мақсатпен жол жүруші, сапар шегуші адам	
В	Күлтегін ескерткіші – ежелгі түркі жазба ескерткіші	
С	Академик В.В.Радлов мәтінді тәржімалады.	

[2]

Оқылым

Жолаушы – белгілі бір мақсатпен жол жүруші, сапар шегуші адам. Қазақ халқының дәстүрлі ұғымында «жолаушы өз үйінен қырық қадам ұзап шыққан соң мүсәпір» делінеді.

«Мүсәпір» араб тілінде жолаушы деген ұғымды білдіреді.

Сайын далада жолаушыға жолыққан адам оған жол көрсетіп, жөн сілтеп, ел менжердің жайынан хабар беруге міндетті. «Жолаушы азығы жолда» деп білген жолаушы ешқашан жол сапарға мол азық, ауыр зат алып шықпаған. Жолаушы ауылға қонуға келсе, баса-көктеп кірмей, алдымен алыстан дауыстап, рұқсат сұраған. Жолаушы даладан қос көрседе, міндетті түрде бұрылып, онда адам болсын-болмасын дәм татқан. Қаралы ауылға датүсіп, аттануы тиіс болған.

«Қырықтың бірі – Қыдыр» деп санаған қазақтар үйіне келген бейтаныс жолаушыға аяққилас, құрмет танытып, қонақ етіп күтсе, байлық пен ырыздық келеді. Ал жолаушыны сыйламаса, несіп-ырыздығына кесірі тиеді деп сенген. Жолаушы келген ауылына түстеніп, ат-көлігін суытып, тынығып аттанған. Көшпелілер қоғамында жолаушы кең даладағы оқиғалар туралы хабарды жедел жеткізуші, ақпаратты алмастырушы міндетін атқарған.

Жолаушыны әдейі ауылына бұрып әкеліп, алыс-жақынның жаңалығын тыңдап аттандыратындар да болған. Жолаушыға қиын-қыстау жағдайда қол ұшын берген жан кейінқимас жолдас, дос-жаранға айналған. Қазақ халқы жолаушыны аса құрметтеген. Жолаушы жүрген адам кездесе, оны үйіне әкеп, шай беріп, ат-көлігін жайлап, көмектесіп отырған. Жолаушыдан бата алатын болған. Көшпенді өмір кешкен бабаларымыз жол жүрудің жайын жақсы білген. Ағайын-туыспен араласу үшін немесе жоғалған нәрсесін іздеу үшін, жолға көпшығатын болған. Ата-бабаларымыз табиғатпен етене жақын болып, жолға шыққан жолаушылар жол бағдарын жұлдызға қарап болжап, адаспаған.

Қазіргі кезде жолаушы ұғымы экономикалық категория ретінде қолданылады.

Халқымызда жолаушыға қатысты көптеген мақал-мәтелдер бар. Мысалы, «*Жолы болар жігіттің желі оңынан соғады*» десе, «Жалғыз жүрсең, жолмен жүр, жолдан жолдас қосылар. Жолдан жолдас қосылса, жолың болмас несі бар» деп жақсы жолдастың қасиетін айтқан.

«*Жолаушыны жол сынайды*» деген мақал арқылы сапар ауыртпалығын білдірген.

(260 сөз)

5. Мәтіннің стилі мен жанрын анықтап, себебін дәлелдеп жазыңыз.

[2]

6. Мәтінде оқшаулап берілген сөздер мәтінде не үшін қолданылған?

[1]

7. Мәтіндегі мақал-мәтелдерді автор қандай мақсатта қолданған?

[1]

8. «Қазіргі кезде жолаушы ұғымы экономикалық категория ретінде қолданылады» сөйлемі арқылы қазіргі жолаушыға баға беріңіз.

[1]

Жазылым

Берілген екі тақырыптың біреуін таңдап, тапсырманы орындаңыз.

[10]

А. «Көшпенділер» романының авторы Ілияс Есенберлинге қалдырып кеткен рухани дүниелері үшін алғыс айта отырып, 150-180 сөзден тұратын мақала жазыңыз.

В. «Қасиетті киіз үй» тақырыбына афоризмдерді орынды қолдана отырып, шағын мақала жазыңыз.

Айтылым

Берілген тақырыптардың біреуіне таңдау жасап, жұбыңызбен 8-11 сөйлемнен тұратын диалогке түсіңіз. Диалог құрауда сөз әдебі мен сөйлеу этикетін ескеріңіз.

[10]

Ұсынылатын тақырыптар:

1. Қазақ жазуының қалыптасуы және даму тарихы туралы сөйлесіңіз.
2. Көшпенділер мәдениетінің жәдігерлері.
3. І.Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясынан ұнаған эпизод қандай?
4. Көшпелі елдің тұрмыс-тіршілігі.

Тапсырмалар және балл қою кестесі үлгісі

**«Қазақ әдебиеті» пәнінен 1-тоқсан бойынша жиынтық бағалау
тапсырмалары**

1. «Күлтегін», «Тоныкөк» дастандарының тастағы жазулары табылған жер

A) Енисей – Талас өзендері аңғарлары

B) Енисей өзені аңғарлары

C) Талас-Шу өзендері аңғарлары

D) Орхон-Шу өзендері аңғарлары

E) Орхон-Енисей өзендері аңғарлары

[1]

2. Лиро-эпостық жырлардың басты тақырыбы.

A) Бейбітшілікті сақтау.

B) Жастардың ғашықтық сезімі.

C) Мемлекеттің құрылуы.

D) Табиғатты қорғау.

E) Туған жерді жаудан қорғау.

[1]

3. «Қыз Жібек» жырындағы жағымсыз кейіпкер.

A) Бекежан

B) Жібек

C) Сансызбай

D) Сырлыбай

E) Төлеген

[1]

4. Өлең жолдарындағы көркемдегіш құралдар.

Қайырылып қайыр қылуға

Қылығың жоқ ұнаған.

Қайратым қанша қайтса да,

Мұныца, ханым, шыдаман!

- A) анафора
- B) аллитерация

C) ассонанс

D) риторикалық сұрақ

E) эпифора

[1]

5. «Қыз жібек» жырының идеялық мазмұны не?

A) Өке мен бала арасындағы тартыс, бірін-бірі сүйген жастардың трагедиясы.

B) Әр алуан табиғат құбылыстарын жырлау.

C) Байлық, ру тартысы, тойымсыздық қасиеттері жырлау

D) Ерлік, батырлық, елді сыртқы жаудан қорғау жайлы туынды.

E) Отан, ел тағдыры бейнеленген күрделі туынды.

[1]

6. «Қыз Жібек» жырындағы Жібектің бойынан қандай қасиеттерді байқадыңыз? Ойыңызды жеткізіңіз (3-4 сөйлем).

[2]

7. Арқаға қарай көшермін,

Алашыма ұран десермін,

Ат құйрығын кесермін,

Ат сауырын берермін,

Алыста дәурен сүрермін – деп Жиёмбеттің үн қату себебі не? Ойыңызды дәлелдеп жазыңыз (3-4 сөйлем).

[2]

8. Күлтегінің ел тәуелсіздігі жолдарынан күресіне мысалдар келіре отырып, өз көзқарасыңмен дәлел келтіре отырып жаз (4-5 сөйлем). [2]

9. «Қазтуғанның қонысымен қоштасу» жырының шығу тақырыбы мен идеясын анықтап, өз көзқарасыңмен дәлел келтіре отырып жаз (4-5 сөйлем). [2]

10. Еділді алса - елді алар,

Енді алмаған не қалар?

Жайықты алса - жанды алар,

Жанды алған соң не қалар?

Ойылды алса - ойды алар,

Ойлашы, сонда не қалар?-деген жыр жолындағы автор ойы мен көркемдегіш құралдарды талдаңыздар(4-5 сөйлем) [2]

11. «Күлтегін» жырындағы «Түркі халқы үшін түнде ұйықтамадым, күндіз отырмадым. Қызыл қанымды, қара терімді ағыздым.» деген ойды қалай

түсінесіз? Жырдан дәлелдер келтіре отырып, өз көзқарасыңызды білдіріп жазыңыз.

[5]

Балл қою кестесі

№	Жауап	Балл	Қосымша ақпараттар
1	Е	1	
2	В	1	
3	А	1	
4	В	1	
5	А		
6	«Қыз Жібек» жыры бойынша Жібек бойындағы қасиеттерді анықтайды.	1	
	Нақты дәлелдер арқылы өз көзқарасын білдіреді.	1	
7	Автордың ойын анықтайды.	1	
	Өз ойын дәлелдеп жазады.	1	
8	Күлтегіннің Тәуелсіздік жолындағы күресіне мысалдар келтіреді.	1	
	Нақты дәлелдер арқылы өз көзқарасын білдіреді.	1	

9	«Қазтуғанның қонысымен қоштасу» жырының тақырыбы мен идеясын анықтайды.	1	
	Нақты дәлелдер арқылы өз көзқарасын білдіреді.	1	
10	Өлең жолдарындағы көркемдегіш тәсілді анықтайды.	1	
	Автор ойын жеткізеді.	1	
11	Жыр жолындағы ойды анықтайды.	2	
	Өз көзқарасын айтады.	2	
	Жазба жұмысын жазады.	1	

